

ХАТТАМА _____

Қызметкерлердің жалақысын есептеу және ұстап қалуға қатысты сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың және еңбек заңнамасын бұзудың өзге де түрлерінің алдын алу.

20.08.2026 ж

Атырау қаласы

Өткізілген орны: ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы, есеп бөлімі

Іс-шараны өткізген: Комплаенс - офицер

Қатысқандар:

1. Н. Жаңабайқызы – кадрлық іс жүргізу жөніндегі менеджер
2. Г. Утекешева - бас есепші
3. А.Сакиева – еңбек ақы есептеу есепшісінің у.м.а.
4. А.Ундаганова – ТМҚ есепшісі /еңбек демалысы/
5. А. Токбаева - еңбек ақы есептеу есепшісі /декрет/

1. Іс-шараның мақсаты: Осы түсіндіру іс-шарасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, қызметкерлердің еңбекақысын есептеу және төлеу кезінде ҚР-ның еңбек заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында өткізілді.

Іс-шара барысында еңбекақыны дұрыс және ашық есептеу, қайта есептеу, сондай-ақ қызметкердің жалақысынан ақша қаражатын ұстап қалудың заңдылығы мәселелеріне ерекше назар аударылды.

2. Түсіндірілген мәселелер:

Қызметкердің еңбекақысы еңбек шартына, еңбекақы төлеу жүйесіне «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысына, нақты жұмыс істеген уақытына және ҚР-ның заңнамасында көзделген өзге де негіздерге сәйкес есептелуге тиіс екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, ҚР-ның 2015ж 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексінің 115 – бабына сәйкес, қызметкердің жалақысынан ақшалай қаражатты негізсіз, ерікті түрде немесе заңда көзделмеген тәртіппен ұстап қалуға жол берілмейтіні түсіндірілді.

Егер бухгалтерлік есеп барысында бұрын еңбекақы, демалыс ақысы немесе басқа да төлемдер қате есептелгені анықталса, ең алдымен:

Қателіктің себебі, қате есептелген сома, қателіктің пайда болған кезеңі, қайта есептеудің негізі, қызметкерге нақты төленген және төленуге тиіс сомалар құжат жүзінде анықталуы қажет.

Қызметкерге қайта есептеудің себептері мен нәтижесі туралы тиісті түрде ақпарат берілуі тиіс.

ҚР-ның 115) 2) 5) заңнамасына сәйкес, жұмыскердің өзі жұмыс істейтін ұйым алдындағы берешегін өтеу үшін оның жалақысынан ұстап қалу жұмыскерді хабардар ете отырып, жұмыскердің жазбаша келісуі болған кезде өзге де жағдайларда жұмыс беруші актісінің негізінде жүргізілуі мүмкін.

Сондай-ақ бухгалтерлік «1С» бағдарламасының автоматты түрде есептеу немесе ұстап қалу жүргізуі өздігінен қызметкердің жалақысынан ақша ұстап қалуға заңды негіз болып табылмайтыны түсіндірілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу

Комплаенс-офицер қызметтік өкілеттіктерді пайдалана отырып, қызметкердің еңбекақысын негізсіз төмендету, заңсыз ақша ұстап қалу, есептеудегі қателерді жасыру, қызметкерге еңбекақы мөлшері туралы дұрыс емес ақпарат беру немесе қызметтік жағдайын пайдаланып қызметкердің еңбек құқықтарын шектеу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына алып келуі мүмкін екендігін айтты. Сонымен қатар, **еңбекақыны есептеуге және төлеуге жауаптыларға:**

- еңбекақыны есептеудің ашықтығын қамтамасыз ету;
- барлық қайта есептеулерді құжатпен рәсімдеу;
- әрбір ұстап қалудың заңды негізінің болуын қамтамасыз ету;
- қызметкерге қайта есептеу туралы уақтылы ақпарат беру;
- заңда көзделмеген ұстап қалуларға жол бермеу;
- қызметкердің келісімі қажет болған жағдайда тиісті жазбаша келісімді алу;
- есеп айырысу құжаттарын белгіленген тәртіппен сақтауды түсіндірілді.

4. Практикалық жағдай бойынша түсіндіру

Егер қызметкерге еңбекақы, демалыс ақысы немесе басқа төлемдер қате мөлшерде төленгені кейін анықталса, жауапты тұлғалар төмендегілерді нақтылауға тиіс:

1. Қандай қателік жіберілгені;
2. Қателікті кім және қашан жібергені;
3. Алғашқы есептеу қандай құжаттардың негізінде жүргізілгені;
4. Қызметкерге нақты қандай сома есептелуі тиіс болғаны;
5. Қызметкерге нақты қандай сома төленгені;
6. Қайта есептеу қалай жүргізілгені;
7. Артық төленген соманы кейінгі төлемдерден ұстап қалуға заңды негіздің бар-жоғы;
8. Қызметкердің келісімі;
9. Қызметкердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында оған қайта есептеудің толық есебі мен негіздемесі таныстырылуы қажет.

5. Комплаенс - офицердің ұсынымдары:

Іс-шара қорытындысы бойынша басшылыққа, есеп бөлімі және кадрлық іс жүргізу жөніндегі менеджеріне:

1. Қызметкерлердің жалақысынан негізсіз ұстап қалуларға жол бермеу;
2. Еңбекақыны қайта есептеуді тек құжатпен расталған негіз болған жағдайда жүргізу;
3. Бухгалтерлік бағдарламаның мәліметтерін ақша ұстап қалудың заңды негізі ретінде қарастырмау;
4. Қызметкердің келісімін алу;
5. Қызметкерге жүргізілген қайта есептеу және ұстап қалу туралы жазбаша түсіндірме беру;
6. Еңбекақыны есептеу кезінде заңдылық, ашықтық, объективтілік және адалдық қағидаттарын сақтау;


7. Еңбекақыны есептеу кезінде жүйелі қателер анықталған жағдайда олардың себептерін жою бойынша шаралар қабылдау;
8. Қызметкерді ақша ұстап қалуға келісім беруге мәжбүрлеуге немесе қысым көрсетуге жол бермеу ұсынылды.

6. Қорытынды

Түсіндіру іс-шарасының барысында жауапты лауазымдыларға еңбекақыны есептеу, қайта есептеу және қызметкердің жалақысынан ұстап қалу кезінде ҚР-ның еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Ескерту: Еңбекақыны есептеу және ұстап қалу бойынша барлық операциялардың заңдылығы мен құжаттық негізділігі қамтамасыз етілуі тиіс.


Комплаенс - офицер: Б. Салиманова



Кадрлық іс жүргізу жөніндегі менеджер: Н. Жаңабайқызы



Бас есепші: Г. Утекешева



Еңбек ақы есептеу есепшісінің у.м.а: А.Сакиева

